


«КРИТЕРИЙ БОЙЫНША ДЕСКРИПТОРДЫ ҚҰРУ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ КОУЧИНГ

Мақсаты: Оқушының білім жетістігін бағалауда дескриптор құру мен пайдалана білуді тәжірибелеріне енгізуге бағыт-бағдар беру. Әріптестер арасында оқушы білімін нақты, жағымды бағалаудың нұсқаларымен тәжірибе алмасу.

Оқу нәтижесі: Бағалаудың мағынасын ажырата алады;
Бағалаудың әдістерін, формаларын білетін болады;
Дескриптор құрудың жолдарын үйренеді;

Негізгі идеясы: Дескрипторды қалай құрамыз?
Дескриптор не үшін керек?




Топқа бөлу

«Молекулалар» ойыны арқылы топқа бөлу

I. «Критерийлер» - тобы

II. «Дескрипторлар» - тобы



ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ

Құрылғыларды атқаратын қызметімен сәйкестендір.

Құрылғы





Міндеті
Сандық және мәтіндік ақпаратты компьютерге енгізеді
Ақпаратты экранға шығарады
Графикалық ақпаратты компьютерге енгізеді
Ақпаратты қағазға шығарады

Дескриптор

Білім алушы

- монитордың қызметін көрсетеді;
- перенетақта қызметін көрсетеді;
- принтердің қызметін көрсетеді;
- сканердің қызметін көрсетеді;

Бағалау

Қалыптастырушы бағалау

Жиынтық бағалау

Құралдары

Критерий

Оқытуды міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбегі

Дескриптор

Оқушының критерийлер бойынша ең жоғары жетістіктерге жету қадамдарын көрсетеді

Рубрика

Оқушының білімін бағалауға арналған критерийлер жиынтығы

Критерий – оқушының әртүрлі қызметінің тізімі.

Дескрипторлар оқушының кез келген критерийлер бойынша ең жақсы нәтижеге жеткізетін барлық қадамдарын ретімен көрсетеді және оларды белгілі балдар санымен бағалайды.

Рубрика — критерий- дескрипторлар.

Рубрикалар балалар не үшін оқитынын,

критерийлер нені үйрену керектігін ,

ал *дескрипторлар* оны қалай істеу керектігін көрсетеді.

Бағалау критерийлері	Дескрипторлар
Екітаңбалы, үштаңбалы сандарды және салыстыру таңбаларын біледі	<ul style="list-style-type: none"> - екітаңбалы сандарды таниды; - үштаңбалы сандарды таниды ; - салыстыру таңбаларын біледі;
Сандарды салыстырады, баламалы мысалдар келтіреді.	<ul style="list-style-type: none"> - үлкен/кіші сандарды анықтайды; -салыстыру таңбаларын дұрыс қояды;
Ұзындық , салмақ және сыйымдылық өлшем бірліктерін атайды.	<ul style="list-style-type: none"> - әр ағаштың биіктігін анықтайды; - ұзындық өлшем бірліктерін жазады;
Ұзындық өлшем бірліктерін салыстырады.	<ul style="list-style-type: none"> - ең биік және ең аласа ағаштарды анықтайды;
Суреттерді мәтіннің тақырыбымен және ұсынылған бастапқы бөлігімен сәйкестендіреді.	<ul style="list-style-type: none"> -суреттерді мәтіннің тақырыбымен және бастапқы бөлігімен сәйкестендіреді; -оқиганың жүйесін сақтай отырып, суреттерді сипаттайды; -тақырыбы бойынша мәтіннің негізгі ойын анықтайды;
Мәтіннің мазмұнын тақырыбы және ұсынылған бастапқы бөлігі бойынша болжайды.	<ul style="list-style-type: none"> -суретке сәйкес әңгіме құрастырады; -баяндау құрылымын сақтайды (шарықтау шегі, соңы).

«Алпамыс мектепке барады» бейнебаянды көру

Бейнебаянда көргендері туралы ой қозғап, пікірлерін ортаға салады.



Критерий мен дескриптор құру



Проблеманы шешу:

Тәлім алушылар топта дескриптор туралы ойларын ортада талқылап, жұмыс тәжірибесінде қалай қолданып жүргендігі жайлы ой бөліседі.

Бағалау критерийлерін қалай анықтауға болады?


Дескриптор дегеніміз не?

Дескрипторларды қалай құруға болады?



Сергіту сәті: «Психологиялық бой»

Барлық қатысушылардың көзін байлап, бойлары қысқадан ұзынға қарай орналасу тапсырылады. Сөйлесуге тыйым салынады. Кім өзінің бойының шамасын дұрыс бағамдады? Кім бойын ұзын, қысқа деп ойлап орнын таба алмады? Анықталады.



Ситуациялық сұрақтар:

I топ. Мұғалім отырады. Үсті басы алба-жұлба болған оқушы саббаққа кешігіп келіп тұр.

Мұғалім: -Сен неге үнемі кешігіп келесің? Басқалардан неге үлгі алмайсың?- деп ұрсады. -Шық, кластан, қатыспайсың сабаққа,-деп класққа кіргізбей қояды.

Сұрақ: *Сіз осы мұғалімнің орнында болсаңыз не істер едіңіз?*

II топ. Сабақ түсіндіріп жатқанда бір оқушы соткамен ойнап отырады, сіздің ескерткеніңізге мән бермейді. Әрі қарай жалғастыра береді,онымен қоймай жанындағы балдарды да қосып күліп отырады. Сіз не істер едіңіз?

Сұрақ: *Сіз мұғалімнің орнында болсаңыз?*

Кері байланыс



Көңілсіз,
қызықсыз болды



Көңілді,
қызықты болды



Сұрақтарым бар



Тақырыпты
түсіндім



Сабақта берілген
тапсырмаларды
орындадым



Жаңа мағлұматтар
білдім



• Назарларыңызға
рахмет!

